

Педагогикалық әдеп кеңесі отырысының

№ 2 хаттамасы

6 желтоқсан 2023 жыл

Қатысқандар: 10

Күн тәртібінде:

1. Әдеп және әдептілік
2. «Педагог дауысы» ашық алаң

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңесінің мүшесі Оразова Ж.Е. сөз алды.

Тыңдалды:

Адамның басшысы– ақыл,
жетекшісі – талап,
қорғаны – сабыр,
жолдасы – кәсіп,
қорғайтын қорғаушысы – мінез,
бәрін тәртіпке реттейтін – әдептілік.

- Әдеп – адамның киімі тәрізді
- Әдептілік – арлылық, әдепсіздік – сорлылық
- Әдептілік – әдемілік
- Әдеп – тәж секілді

Әдептілікке жата ма? Мұғалімдерге сұрақтар берілді.

Адам әрқашанда бет сұлулығымен емес, ішкі жан дүниесімен, әдептілігімен, мәдениеттілігімен әдемі.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша кеңес төрайымы Жұлдыбаева С.У. сөз алды.

Тыңдалды:

Wordwall платформасы арқылы жүргізу

Сұрақтар беру

1. Ситуациялық жағдай құрастырып, одан шығу жолын айту.
2. Мұғалімнің 10 қасиеті
3. Қосымша білім беретін ұйымның мұғалімі қандай болу керек?
4. «Менің ережем» Әдеп туралы ереже құрастыру. (оқушылармен, ата-анамен, әріптесімен, орталық әкімшілігімен).
5. Бұл мамандықты таңдаған себебім..
6. Мұғалімдермен тренинг (жаттығу) өткізу.
7. Ыбырай Алтынсариннің «Маған жақсы мұғалім бәрінен қымбат, өйткені мұғалім мектептің жүрегі» деген сөзін қалай түсінесіз?
8. Сабақта қолданатын әдіс-тәсілдеріңіз?
9. «Өзін –өзі талдау әдісі» қатысушылар қағаз бетіне өзін маман ретінде ассоциациялайтын бір заттың сурет салады. Астына жұмысына көмектесетін және кері әсер ететін қасиетін жазады.

2. Топқа бөлу (фигуралар арқылы)

«Фрайер» моделі бойынша жұмыстанады.

ФРАЙЕР моделі- сөзді түсіну үшін жасалатын әдіс.«Фрайер» әдісі — жаңа сөздер мен ұғымдарды тез арада игеріп, ұзақ мерзімде есте сақтауға көмектесетін әдіс-тәсіл. Жаңа сөздер мен ұғымдарды «Фрайер» моделіне салып, талқылайды. Бұл әдіс-тәсілде оқушылардың барлық қабылдау ерекшеліктері ескеріледі.

1-ші топқа «Педагогикалық шеберлік»

2ші топқа «Өз білімін жетілдіру»

«Сөйлемді аяқта» жаттығуы: «Біздің ұжым-бұл....» Әр педагог ұжым өзі үшін нені білдіретінін айту қажет. Ұжым деген не сіз үшін?

Кеңес шешімі:

1. МТББО педагогтары әдеп нормаларын сақтау.

2. Педагогтер өзін-өзі дамыту, сабақтарда әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалану.

Кеңес төрайымы:



Жулдыбаева С.У.

Хатшы:



Дуйсенова А.Е.

«Мектептен тыс білім беру орталығы» МКҚК
2023-2024 оқу жылы бойынша
Педагогикалық әдеп кеңесінің №2 отырысы

